

**АХҚО-НЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЛЫҚТЫҚ
РЕЗИДЕНТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ
АХҚО АКТІСІ**

**АХҚО-НЫҢ 2026 ЖЫЛҒЫ
№57 АКТІСІ**

**2026 жылғы 6 тамыз
Астана, Қазақстан**



МАЗМҰНЫ

1-БӨЛІМ: ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Атауы
2. Қабылданған күні
3. Күшіне енуі
4. Актіні қабылдау жөніндегі өкілеттіктер
5. Осы Актінің қолданылуы
6. Осы актінің мақсаты
7. Анықтамалар

1-1 БӨЛІМ: БАҒДАРЛАМА ОФИСІ

- 7-1. Бағдарлама Офисі
- 7-2. Бағдарлама Офисінің міндеттері мен функциялары
- 7-3. Алымдар

2-БӨЛІМ: ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ РЕЗИДЕНТ

1-ТАРАУ: БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСУ ЖӨНІНДЕГІ ӨТІНІМ БЕРУ ҚҰҚЫҒЫ

8. Бағдарламаға қатысу жөніндегі өтінім беру құқығы
9. Жалпы шарттар және Бағдарламаға қатысуға өтініш беру
10. Бағдарламаға қатысуға өтініш бойынша шешім
11. Сенімділікті тексеру

2-ТАРАУ: БАҒДАРЛАМАҒА АРНАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР

12. Тараудың қолданылуы
13. Инвестициялардың ең төменгі көлемі
14. Инвестицияланатын қаражатқа қойылатын талаптар
15. Инвестициялау құралдары

3-ТАРАУ: ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ РЕЗИДЕНТ

16. Тараудың қолданылуы
17. Инвестицияларды жүзеге асыруды растау
18. Инвестициялау құралдары түрлерін біріктіру тәртібі
19. Инвестициялық резидент

4-ТАРАУ: ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ САҚТАУ, АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГІЛЕУ

20. Тараудың қолданылуы
21. Инвестицияларды сақтау
22. Инвестициялау құралдарын ауыстыру
23. Инвестицияларды мониторингтеу және қайта бағалау

5-ТАРАУ: БҰРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАҒА АЛДЫҒЫ ҚАТЫСУ КЕЗІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

24. Бұрын жүзеге асырылған инвестициялар
25. Бағдарламаға алдыңғы қатысу кезінде жүзеге асырылған инвестициялар



6-ТАРАУ: БАҒДАРЛАМАДАН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ШЫҒУ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ РЕЗИДЕНТ СЕРТИФИКАТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫН ТОҚТАТУ

- 26. Бағдарламадан мерзімінен бұрын шығу
- 27. Инвестициялық резидент сертификатының қолданысын тоқтату

7-ТАРАУ: ИНВЕСТИТОРЛЫҚ ВИЗА ЖӘНЕ УАҚЫТША ТҰРУҒА РҰҚСАТ

- 28. Инвесторлық виза және Уақытша тұруға рұқсат

3-БӨЛІМ: БАҒДАРЛАМА ШЕҢБЕРІНДЕГІ САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК

- 29. Салық кодексінің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының резиденті мәртебесін алу
- 30. Салық кодексінің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының резидентінің мәртебесін растайтын құжат

4-БӨЛІМ: БАҒДАРЛАМА ШЕҢБЕРІНДЕ САЛЫҚ САЛУ

- 31. Инвестициялық резидент үшін қолданылатын салық режимі
- 32. Инвестициялық резиденттің Отбасы мүшелері үшін қолданылатын салық режимі

5-БӨЛІМ: МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

- 33. Тараудың қолданылуы
- 34. Офистің мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылы
- 35. Офистің Сыртқы істер министрлігімен өзара іс-қимылы
- 36. Офистің Ішкі істер органдарымен өзара іс-қимылы
- 37. Офистің Мемлекеттік кірістер комитетімен өзара іс-қимылы

6-БӨЛІМ: ӨЗГЕ ЕРЕЖЕЛЕР

- 38. Уәкілетті өкіл

1-ҚОСЫМША: АНЫҚТАМАЛАР

- 1. Анықтамалар

2-ҚОСЫМША: МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУҒА АРНАЛҒАН ШАБЛОНДАР

- 1. 1-қосымша. Инвестициялық резидент сертификатының шаблону
- 2. 2-қосымша. АХҚО Инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасына сәйкес инвестицияларды жүзеге асыру туралы растау-хаттың шаблону
- 3. 3-қосымша. Қазақстан Республикасының резиденті емес және Инвестициялық резидент болып табылатын тұлғаға Инвесторлық виза беру туралы АХҚО әкімшілігінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына өтінішхатының үлгісі
- 4. 4-қосымша. Өтініш берушінің Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстылығы не азаматтығының жоқтығы туралы мәліметтерді ұсыну туралы Офистің Ішкі істер органдарына сұрау салу үлгісі
- 5. 5-қосымша. Салық кодексінің мақсатында Өтініш берушіде Қазақстан Республикасының резиденттігінің болуы немесе болмауы туралы мәліметтерді ұсыну туралы Офистің Мемлекеттік кірістер комитетіне сұрау салу үлгісі



1-БӨЛІМ: ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Атауы

Осы Акті АХҚО-ның Инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасы туралы АХҚО-ның 2026 жылғы Актісі болып табылады.

2. Қабылданған күні

Осы Акті оны Басқарушы бекіткен күні қабылданды

3. Күшіне енуі

Осы Акт АХҚО интернет-ресурсында ресми жарияланған күні күшіне енеді және осы Акт күшіне енген сәттен бастап АХҚО-ның Инвестициялық салық резиденттігі бағдарламасы туралы № 42 АХҚО актісінің күші жойылады.

4. Актіні қабылдау жөніндегі өкілеттіктер

Осы Актіні Басқарушы Конституциялық заңның 5-1-бабына, сондай-ақ АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңестің АХҚО-ның органдары туралы шешімінің 9-тармағының 3) тармақшасына сәйкес қабылдады.

Конституциялық заңның 5-1-бабына сәйкес 2026 жылы қабылданған Акт ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдарымен, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен, салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен және инвестициялар тарту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша әзірленді.

5. Осы Актінің қолданылу саласы

Осы Акті АХҚО юрисдикциясында қолданылады.

6. Осы Актінің мақсаты

Осы Актінің мақсаты – Конституциялық заңның 5-1-бабында көзделген АХҚО-ның Инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасын (**Бағдарлама**) қамтамасыз ету.

7. Анықтамалар

Осы Актіде пайдаланылатын анықтамалар 1-қосымшада келтірілген.



1-1 БӨЛІМ: БАҒДАРЛАМА ОФИСІ

7-1. Бағдарлама Офисі

Осы Актіге сәйкес Бағдарлама Офисі АХҚО әкімшілігі немесе АХҚО-ның қолданыстағы заңнамасына сәйкес тіркелген оның аффилиирленген заңды тұлғасы шеңберінде құрылады.

7-2. Бағдарлама Офисінің міндеттері мен функциялары

- (1) Бағдарлама Офисі келесі мақсаттарды көздеуі керек:
 - (а) озық практиканы таратуға және осы Актінің талаптарын сақтауға жәрдемдесу;
 - (б) осы Актінің ережелерін тиімді және ашық қолдану.
- (2) Бағдарлама Офисінің уәкілетті тұлғасы ағымдағы қызметке басшылықты жүзеге асырады, сондай-ақ осы Актіде және/немесе АХҚО әкімшілігі Директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген кез келген өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.
- (3) (1) кіші бөлімді шектемей, Бағдарлама Офисінің функцияларына мыналар кіреді:
 - (а) Қағидалардың, стандарттар мен практика кодекстерінің жобаларын дайындау және оларды АХҚО әкімшілігінің Директорлар кеңесінің қарауына ұсыну;
 - (б) міндетті күші жоқ нұсқаулықты дайындау және қабылдау, сондай-ақ АХҚО әкімшілігінің Директорлар кеңесін Бағдарлама Офисі қабылдаған кез келген нұсқаулық туралы хабардар ету;
 - (в) осы Акті үшін пайдаланылатын нысандарды шығару немесе оларды қолдануға ұйғарым беру;
 - (г) осы Актіге қатысты рәсімдер мен шарттарды шығару немесе оларды қолдануға ұйғарым беру;
 - (д) осы Актіге сәйкес Бағдарламасының Офисіне өтінім немесе кез келген басқа құжаттарды электрондық немесе кез келген басқа құралдар арқылы беру рәсімдерін (сипаттамасына қарамастан) айқындау;
 - (е) осы Актіге сәйкес Бағдарлама Офисіне берілген кез келген функцияларды орындау.
- (4) Бағдарлама Офисінің мақсаттары және/немесе функциялары; осы Актінің ережелерін толықтыратын Бағдарламаның жалпы шарттары; АХҚО қатысушылары мен органдары, сондай-ақ олардың директорлары, лауазымды адамдары, әріптестері, қызметкерлері мен агенттері үшін осы Актіге байланысты ақпаратты дайындауға және жариялауға қатысты мәселелер; шағымдарды беру және қарауға қатысты рәсімдер мен өзге де шаралар; сондай-ақ Инвестициялық құралдарға қолданылатын талаптар Қағидаларда айқындалады.



7-3. Алымдар

- (1) Қағидаларда бағдарлама Өтініш берушілерінің Бағдарлама Офисіне алымдарды міндетті түрде төлеуі көзделуі мүмкін.
- (2) Бағдарлама Офисі осы Актіге немесе Қағидаларға сәйкес Бағдарлама Офисі ұсынатын кез келген қызмет үшін ақы алуы мүмкін.
- (3) Қызмет көрсеткені немесе өзге де әрекеттерді орындағаны үшін Бағдарлама Офисіне жасалған алымдар төлемі қайтарылуға жатпайды.
- (4) Егер осы бөлімге сәйкес Бағдарламаның Офисі функцияларды орындағаны немесе қызмет көрсеткені үшін алым белгілесе немесе алса, онда Бағдарлама Офисі алым төленгенге дейін ешқандай әрекет жасауы талап етілмейді. Егер Бағдарлама Офисі Бағдарлама Офисіне берілуі немесе жеткізілуі немесе тапсырылуы мүмкін құжатты (қандай болсын сипаттағы) алған жағдайда алым төленуі тиіс болса, Бағдарлама Офисі алым төленгенге дейін құжатты алмаған деп есептеледі.



2-БӨЛІМ: ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ РЕЗИДЕНТ

1-ТАРАУ: БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСУ ЖӨНІНДЕГІ ӨТІНІМ БЕРУ ҚҰҚЫҒЫ

8. Бағдарламаға қатысу жөніндегі өтінім беру құқығы

Мынадай шарттарға сай келетін:

- (а) шетелдік немесе азаматтығы жоқ тұлға;
- (б) 18 жасқа толған;
- (в) Салық кодексінің мақсатында және Бағдарламаға қатысу үшін алғаш өтініш жасау алдындағы соңғы 20 жыл ішінде Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын;
- (г) Бағдарламаға қатысуға өтініш жасау алдындағы соңғы 20 жыл ішінде Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған адам болып табылмайтын;
- (д) Бағдарламада көзделген көлемде инвестицияларды жүзеге асыруға ниетті

жеке тұлға Бағдарламаның Офисіне Бағдарламаға қатысуға өтініш бере алады.

9. Жалпы шарттар және Бағдарламаға қатысуға өтініш беру

- (1) Жалпы шарттардың акцепті болып табылатын бағдарламаға қатысу туралы өтінішке қол қоя отырып, 8-бапта белгіленген шарттарға сәйкес келетін жеке тұлға бағдарламаға қатысу құқығын алады. Бұл ретте жеке тұлға осы Актіге сәйкес инвестицияларды жүзеге асырғаннан кейін және Инвестициялық резидент сертификатын алғаннан кейін Бағдарламаның қатысушысы болып танылады.
- (2) Бағдарламаға қатысуға өтінішке келесі құжаттар қоса берілуі керек:
 - (а) сауалнама; және
 - (б) дербес деректерді жинауға, өңдеуге және сақтауға келісім; және
 - (в) төлқұжаттың көшірмесі немесе жеке тұлғаның азаматтығын немесе оның жоқтығын растайтын өзге құжат; және
 - (г) банктік шоттан анықтама, ол:
 - (i) Офиске өтініш бергенге дейін кемінде 30 күн бұрын ресімделуі тиіс; және
 - (ii) анықтама берілген күнге дейін шотта 3 ай ішінде жүргізілген барлық операцияларды көрсетуі тиіс; және
 - (iii) өтініш берушінің Бағдарламада талап етілетін инвестицияларды жүзеге асыру үшін ақшалай қаражаты бар екенін растауы тиіс;
 - (д) Бағдарлама шеңберінде инвестицияланатын, Жалпы шарттарда көзделген талаптарға сәйкес келетін ақша қаражатының шығу көзінің заңдылығын растайтын құжаттар;
 - (е) Конституциялық заңның шарттарына сәйкестігі туралы куәландыру-хат;
 - (ж) жеке тұлғаның Бағдарламаға қатысуына байланысты көрсетілген Офис қызметтері үшін Төлемнің енгізілгенін растайтын құжат; және
- (з) АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес ұсынылуы талап етілетін өзге де



құжаттар.

- (3) Бағдарламаға қатысуға өтініш және өтінішпен бірге ұсынылған кез-келген құжат ағылшын, қазақ немесе орыс тілдерінде болуы керек. Егер құжаттың түпнұсқа тілі ағылшын, қазақ немесе орыс тілдері болмаса, құжатқа сәйкесінше ағылшын, қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасы қоса берілуі керек және аударманың дұрыстығын немесе аудармашының қолының растығын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес нотариус куәландыруы тиіс.
- (4) (2) тармақта көзделген құжаттардан басқа, Офис АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес талап етілетін өзге де құжаттарды сұрата алады.
- (5) Офис Бағдарламаның әлеуетті қатысушыларына консультациялық қызметтер көрсету, Бағдарламаға қатысуға өтінімдер беру және Бағдарламаға қатысуға байланысты барлық қажетті талаптар мен формальдылықтарды орындау үшін тәуелсіз кәсіби қызмет көрсетушіні (Агентті) пайдалана алады.
- (6) Бағдарлама Офисі Офистің ішкі құжаттарына сәйкес Агентке қойылатын өлшемшарттарды белгілейді.
- (7) Бағдарлама Офисі, оның уәкілетті лауазымды адамдары, АХҚО әкімшілігінің кез келген қызметкерлері, сондай-ақ өзге де өкілетті тұлғалар Бағдарлама Офисі атынан әрекет ететін Агенттердің әрекеттерін немесе әрекетсіздігін қоса алғанда, Бағдарлама шеңберінде функцияларды жүзеге асыру немесе болжамды жүзеге асыру кезінде жасалған қандай да бір іс-әрекеттер немесе әрекетсіздік үшін жеке жауапты болмайды. Егер мұндай әрекеттер немесе әрекетсіздік жосықсыз жасалғаны дәлелденсе, осы ереже қолданылмайды.

10. Бағдарламаға қатысуға өтініш бойынша шешім

- (1) Егер жеке тұлға (**өтініш беруші**) Бағдарламаға қатысу үшін 8-бапқа сәйкес Бағдарлама офисіне жүгінсе, осы бап қолданылады.
- (2) Офис өтініш берушінің 8-бапта көрсетілген шарттарды қанағаттандырады ма екенін, сәйкесінше, оның Бағдарламаға қатысуға өтініш беруге құқығы бар-жоғын шешуі керек.
- (3) Алайда, Офис өтініш берушіге хабарлама жібере отырып, өтініш берушіден Офиске өтініш берушінің Бағдарламаға қатысуға өтініш беруге құқығы бар-жоғы туралы шешім қабылдау үшін қажетті кез келген ақпаратты немесе құжатты ұсынуды талап ете алады.
- (4) Егер Офис өтініш берушіден өтініш беруші талапты орындағанға дейін ақпарат немесе құжат беруді талап етсе, Офистен осы бапқа сәйкес шешім қабылдау талап етілмейді.

11. Сенімділікті тексеру

- (1) Егер Бағдарламаның офисі 10-бапқа сәйкес жеке тұлға (**өтініш беруші**) Бағдарламаға қатысуға өтініш беруге құқылы деп шешім қабылдаса, осы бап қолданылады.
- (2) Офистің келесі талаптарды (**сенімділікті тексеруге қойылатын талаптарды**) орындау туралы шешім қабылдауы үшін Өтініш беруші Офис орынды деп санайтын сенімділікті тексеруден өтуі керек:



- (а) Өтініш беруші және өтініш берушінің Отбасының әрбір мүшесі жақсы беделге ие адам болуы; және
 - (б) Өтініш беруші Бағдарлама шеңберінде инвестициялайтын ақша заңды түрде алынуы.
- (3) Офис өз атынан сенімділікке барлық немесе кейбір тексерулерді жүргізу үшін тәуелсіз кәсіби ұйымды тартуға құқылы.
- (4) Офис хабарлама жіберу арқылы өтініш берушіден Офиске сенімділікке тексеру жүргізу үшін негізді түрде қажет болатын кез келген ақпаратты немесе құжатты ұсынуды талап ете алады.
- (4-1) Офис қажет болған жағдайда Инвестициялық резиденттің және Инвестициялық резиденттің әрбір отбасы мүшесінің осы Актінің және Қағидалардың талаптарын сақтауын бақылау үшін сенімділікке тексерулер жүргізе алады.
- (5) (2)(а) тармағын шектеусіз, егер:
- (а) тұлғаның азаматтығы немесе тұратын елінде өтелмеген соттылығы болса,
 - (б) тұлға сотталған немесе күдікті немесе төмендегілердің кез келгеніне:
 - (i) терроризмге немесе терроризмді қаржыландыруға байланысты құқық бұзушылықтарға;
 - (ii) әскери қылмыстарға, адамзатқа қарсы қылмыстарға немесе адам құқықтары мен негізгі бостандықтарға қарсы қылмыстарға, соның ішінде адамның жеке басына қарсы қылмыстар, жыныстық зорлық-зомбылық, сондай-ақ балаларға қарсы қылмыстарға; немесе
 - (iii) кірісті жылыстату жөніндегі қылмыстарға қатысты айыпталушы болып табылса;
 - (в) тұлға Қылмыстық полиция халықаралық ұйымының (INTERPOL ретінде танымал) іздеудегі тізімінде бар; немесе
 - (г) тұлға Қазақстан Республикасының ұлттық, қоғамдық қауіпсіздігіне немесе халқының денсаулығына, тәртібіне қатер төндіретін болса тұлғаның беделі жақсы емес деп саналады.
- (6) (2)(б) тармағын шектеусіз, егер олар тікелей немесе жанама түрде қылмыс жасау немесе оған қатысу нәтижесінде алынған болса, ақша заңды жолмен алынған болып саналмайды.
- (6-1) Егер Өтініш беруші/немесе Инвестициялық резидент/немесе отбасы мүшесі (5) немесе (6) кіші бөлімдердің ережелерін орындай алмаса, Өтініш беруші немесе Инвестициялық резидент Бағдарламаның Офисін хабардар етуі керек.
- (7) Егер сенімділікке тексерулер жүргізгеннен кейін Офис сенімділікке тексерулерге қойылатын талаптардың орындалу нәтижесіне қанағаттанса, Өтініш беруші Офис Офис айқындайтын және Бағдарламаға қатысуға өтініште баяндалған кезең ішінде 17-тармақта көрсетілген инвестициялардың жүзеге асырылғанын растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.
- (8) Егер Офис сенімділікті тексеруге қойылатын талаптардың орындалу нәтижесіне қанағаттанбаса, Офис Өтініш берушіге берілген хабарлама арқылы өтініш берушіге өтініш берушінің Инвестициялық резидент болуға құқығы жоқ екендігі туралы хабарлауы керек.



- (9) инвестициялық резидент инвестицияларды инвестициялардың ең аз көлеміне дейін арттырған немесе инвестицияларды ауыстырған кезде Офис ақша қаражатының шығу заңдылығын тексеру құқығын өзіне қалдырады.

2-ТАРАУ: БАҒДАРЛАМАҒА АРНАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР

12. Тараудың қолданылуы

Бұл тарау, егер Бағдарлама Офисі сенімділікті тексеруге қойылатын талаптардың орындалу нәтижесіне қанағаттанатын болса, жеке тұлғаға (**Өтініш берушіге**) қатысты қолданылады.

13. Инвестициялардың ең төменгі көлемі

- (1) Бағдарламаның мақсаттары үшін 15-баптың (1) тармағының (а), (б) және (в) тармақшаларында көрсетілген Инвестициялау құралдары үшін инвестициялардың ең аз көлемі 60 000 (алпыс мың) АҚШ долларын не өзге валютадағы баламаны құрайды және көрсетілген мөлшерде ұстап тұрылуы тиіс.
- (2) 15-баптың (1) тармағының (г) тармақшасында көрсетілген Инвестициялау құралы үшін инвестициялардың ең аз көлемі инвестицияларды жүзеге асыру күніне тиісті цифрлық активтің нарықтық бағамы бойынша есептелген кемінде 150 000 АҚШ долларына баламалы соманы құрайды.
- (3) Егер тиісті Инвестициялау құралдарының құны инвестициялардың ең төменгі көлемінен төмен түссе, Инвестор мұндай Инвестициялау құралдарының құнын талап етілетін шекті мәнге дейін қалпына келтіруге («толықтыруға») міндетті. Мұндай толықтырудың тәртібі мен мерзімдері Бағдарлама Қағидаларында белгіленеді.

14. Инвестицияланатын қаражатқа қойылатын талаптар

Бағдарлама шеңберінде инвестицияланатын ақша қаражаты мынадай талаптарға сәйкес келуге тиіс:

- (а) ақша қаражатына қандай да бір кепілмен, ұстап қалумен, тыйым салумен, қамтамасыз ету мүддесімен, талаптармен, үшінші тұлғалардың құқықтарымен және жеке немесе мемлекеттік болсын басқа да ауыртпалықтармен ауыртпалық салынбауға тиіс;
- (б) ақша қаражаты өтініш берушінің иелігінде немесе айрықша бақылауында болуы тиіс; және
- (в) ақша қаражаты қандай да бір қолданыстағы немесе күтілетін шешімдердің, сот тыйымдарының, жарлықтардың, қаулылардың, төрелік шешімдердің немесе сот не төрелік талқылаулардан туындайтын қандай да бір міндеттемелердің нысанасы болмауға тиіс.

15. Инвестициялау құралдары

- (1) Бағдарламаға қатысу үшін ақша қаражаты келесі Инвестициялау құралдарына инвестициялануы керек:
- (а) АХҚО-да тіркелген Қорлардағы Акциялар, қатысу үлестері, пайлар;
- (б) АХҚО биржасында айналыстағы Бағалы қағаздар;
- (в) АХҚО қатысушысының жарғылық капиталына инвестициялар.
- (г) AFSA лицензиясы бар цифрлық активтер операторының сауда



платформасында сатылатын цифрлық активтер.

- (2) Инвестициялау құралдарына қойылатын талаптар, сондай-ақ (1) тармақта көрсетілген кез келген Инвестициялау құралдарын қосу немесе алып тастау туралы шешімдер Қағидаларда белгіленеді.
- (3) Офис қолданыстағы инвестициялық құралдарды мезгіл-мезгіл ресми электрондық ресурста жариялап отыруы керек.
- (4) Инвестициялау құралдарының тізбесіне өзгерістер тек қана осы Актіге ресми түзетулер енгізу арқылы енгізілуі мүмкін.
- (5) Бағдарлама мақсатында осы Актіге сәйкес Қағидаларда белгіленген талаптарға, шарттар мен шектеулерге сәйкес келетін Инвестициялау құралдарына инвестициялауға ғана жол беріледі.

3-ТАРАУ: ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ РЕЗИДЕНТ

16. Тараудың қолданылуы

Бұл тарау егер Бағдарлама Офісі сенімділікке тексерулерге қойылатын талаптардың орындалу нәтижесіне және 2-тарауда баяндалған талаптарға сәйкес енгізілген инвестицияларға қанағаттанған жағдайда жеке тұлғаға (**өтініш берушіге**) қатысты қолданылады.

17. Инвестицияларды жүзеге асыруды растау

- (1) Өтініш беруші Бағдарлама офисіне инвестицияларды жүзеге асырғанын растайтын құжаттарды ұсынуы керек.
- (2) Инвестициялардың жүзеге асырылуын растау мақсатында мынадай құжаттардың біреуі немесе бірнешеуі ұсынылуы тиіс:
 - (а) АХҚО-да тіркелген Қорлардағы акциялар, қатысу үлестері, пайлар
 - I. АХҚО компанияларының Тіркеушісі ұсынған акционерлер тізілімінен үзінді;
 - II. АХҚО компанияларының Тіркеушісі ұсынған серіктестер тізілімінен үзінді;
 - III. пай иелерінің тізілімінен үзінді;
 - IV. капиталға жарнаны немесе акцияларды, қатысу үлестерін төлеуді жүзеге асыру туралы төлем құжаты.
 - (б) АХҚО биржасында айналыстағы бағалы қағаздар
 - I. акцияларға варрант немесе сертификаттың көшірмесі;
 - II. брокерлік дербес шоттан үзінді көшірме, брокердің есебі;
 - III. АХҚО биржасында тіркелген бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінен үзінді.
 - (в) АХҚО қатысушысының жарғылық капиталына инвестициялар
 - I. инвестициялар пайдасына жүзеге асырылған АХҚО қатысушысының банктік шотына банктік аударымның немесе төлем тапсырмасының көшірмесі;
 - II. инвестициялар пайдасына жүзеге асырылған АХҚО қатысушысының Өтініш берушіден АХҚО қатысушысының банктік шотына ақшалай қаражаттың түскені туралы растамасы бар құжат;



III. АХҚО компанияларының Тіркеушісі ұсынған акционерлер тізілімінен үзінді немесе АХҚО қатысушысы акционерлерінің тізілімінен үзінді;

IV. капиталға жарнаны немесе акцияларды, қатысу үлестерін төлеуді жүзеге асыру туралы төлем құжаты.

(г) AFSA лицензиясы бар цифрлық активтер операторының сауда платформасында сатылатын цифрлық активтер.

I. AFSA лицензиясы бар сауда платформасы берген шот бойынша үзінді.

(д) Жалпы шарттарда баяндалған талаптарды қанағаттандыратын өзге де құжаттар.

(3) Жоғарыда көрсетілген тізім толық болып табылмайды және Офис өзінің жөнді қалауы бойынша АХҚО-ның қолданыстағы құқығының талаптарына сәйкес ұсынылуы қажет инвестициялардың жүзеге асырылуын растайтын қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

18. Инвестициялау құралдары түрлерін біріктіру тәртібі

(1) 15-бапта көзделген бірнеше Инвестициялау құралына инвестицияларды бір мезгілде жүзеге асыруға тыйым салынады.

19. Инвестициялық резидент

(1) Жеке тұлға осы актіге сәйкес ақша қаражатын инвестициялағаннан және инвестициялық резидент сертификатын алғаннан кейін ғана Бағдарламаға қатысушы болып танылады.

(2) Инвестициялық резидент атану үшін Өтініш беруші келесі талаптарға сай болуы керек:

(а) өтініш беруші көзделген кезең ішінде Офиске 15(1)бапта қарастырылған Инвестициялау құралына инвестициялардың жүзеге асырылғанын растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс;

(б) ақша қаражаты бір Инвестициялау құралына инвестициялануы тиіс;

(в) инвестицияланған қаражаттың мөлшері инвестициялардың ең аз көлемінен кем емес мөлшердегі соманы құрауға тиіс;

(г) инвестицияланған қаражат 14-баптың талаптарына сәйкес келуі керек;

(д) өтініш беруші көзделген кезең ішінде (а), (б) және (в) тармақтарында аталған талаптардың орындалғаны туралы Офисті хабардар етуге тиіс; және

(е) өтініш беруші Офиске хабарлама жіберу арқылы Офис негізді түрде сұрайтын кез келген ақпаратты немесе құжатты ұсынуы тиіс.

(3) (2) тармақтың мақсаттары үшін өтініш беруші көзделген кезеңге дейін инвестициялаған ақша қаражаты, егер ақша қаражаты 24-бапқа сәйкес бекітілген болса, осы кезең ішінде инвестицияланған ақша қаражаты болып саналады.

(4) Егер Офис Өтініш берушінің Инвестициялық резидент болуға құқығы бар екеніне сенімді болса, Офис өтініш берушіге Инвестициялық резидент сертификатын бере алады. Инвестициялық резиденттің сертификаты 2-қосымшаға 2.1-қосымшаға сәйкес келуі тиіс.



- (5) Инвестициялық резидент сертификатын берген кезде Өтініш беруші Инвестициялық резидент сертификатында көрсетілген мерзімге (5 жылдан аспайтын), бірақ осы актінің Инвестициялық резидент сертификатының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатуды көздейтін басқа ережелерін ескере отырып, Инвестициялық резидент болады.
- (6) Күмәнді болдырмау үшін Өтініш берушіге Инвестициялық резидент сертификатын беру тек Өтініш берушінің мәртебесіне қатысты қолданылады және Отбасы мүшесін немесе басқа біреуді Инвестициялық резидент етуге бағытталмайды.
- (7) Осы баптағы:
көзделген кезең Офис айқындаған және Бағдарламаға қатысуға берілген өтініште көрсетілген кезеңді білдіреді.

4-ТАРАУ: ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ САҚТАУ, АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГТЕУ

20. Тараудың қолданылуы

Бұл тарау Инвестициялық резидентке және Инвестициялау құралына инвестицияланған ақшаға (**инвестициялар**) қатысты қолданылады.

21. Инвестицияларды сақтау

- (1) Инвестициялық резидент 22-бапқа сәйкес Инвестициялау құралын ауыстыру құқығын пайдаланған жағдайларды қоспағанда, Инвестициялық резидент Сертификатының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде инвестицияларды сақтауы тиіс.
- (2) Инвестициялау құралын және/немесе Инвестициялау құралдарының түрлерін ауыстырғаннан кейін Инвестициялық резидент Инвестициялық резидент сертификатының қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін инвестицияларды сақтауы тиіс.

22. Инвестициялау құралдарын ауыстыру

- (1) Инвестициялық резидент осы бапта белгіленген талаптарды сақтаған жағдайда, ақша қаражаты инвестицияланған Инвестициялау құралдарын ауыстыруға құқылы.
- (2) Инвестициялық резидент ауыстыру жүзеге асырылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде 17-баптың талаптарына сәйкес келетін кейінгі инвестициялардың жүзеге асырылуын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Инвестициялау құралын ауыстыруды жүзеге асыру туралы Офисті хабардар етуге тиіс. Инвестициялық резидент Инвестициялау құралын толығымен ауыстыра алады.
- (3) Егер осы бапқа сәйкес Инвестициялық резидент жүзеге асырған кейінгі инвестициялардың нарықтық құны инвестициялардың ең аз көлемінен төмен болса, Инвестициялық резидент инвестициялардың ең аз көлемі жөніндегі талапты сақтау үшін қосымша ақша қаражатын инвестициялауға тиіс.

23. Инвестицияларды мониторингтеу және қайта бағалау

- (1) Бағдарлама Офисі Инвестициялық резидент сертификатының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде Инвестициялау құралында инвестицияларды сақтау шарттарына мониторингті тұрақты негізде жүзеге асырады.
- (2) Офис пайдасына инвестициялар жүзеге асырылған Инвестициялық резиденттен немесе АХҚО қатысушысынан инвестициялардың сақталуын мониторингтеу үшін



Офиске белгілі бір құжаттарды ұсынуды сұрай алады. Инвестициялық резидент сұрау салуда көрсетілген мерзім ішінде растайтын құжаттарды ұсынуы немесе АХҚО қатысушысының ұсынуын қамтамасыз етуі тиіс.

- (3) Мониторинг мақсаттары үшін Офис электрондық және/немесе қағаз нысанда сұратуға құқылы, ал Инвестициялық резидент Инвестициялау құралының инвестицияларының ағымдағы (әділ) құны туралы егжей-тегжейлі мәліметтерді қамтитын есепті Офис айқындайтын күні және нысан бойынша және қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес бағалаушы айқындаған инвестициялардың нарықтық құнын бағалау туралы есепті Офистің тиісті сұрау салуында көрсетілген мерзім ішінде ұсынуға міндетті.

5-ТАРАУ: БҰРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАҒА АЛДЫҒЫ ҚАТЫСУ КЕЗІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

24. Бұрын жүзеге асырылған инвестициялар

- (1) Осы бап, егер:
- (а) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ тұлғаның Инвестициялау құралына инвестицияланған ақшалай қаражаты болған; және
 - (б) ақша қаражаты осы Акт қолданысқа енгізілгеннен кейін Инвестициялау құралына жүзеге асырылған жағдайда қолданылады.
- (2) Жеке тұлға ақша қаражатының 24(1) баптың талаптарына сәйкес келетінін бекіту үшін Бағдарламаның Офисіне өтініш бере алады.
- (3) Офис өтінішті қарап, жеке тұлғаға өзінің шешімі туралы хабарлауы керек.

25. Бағдарламаға алдыңғы қатысу кезінде жүзеге асырылған инвестициялар

- (1) Бағдарламаға қатысқан шетелдік немесе азаматтығы жоқ тұлға осындай шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ тұлғаның Инвестициялық резиденті сертификатының қолданылуы 27-бапқа сәйкес тоқтатылмаған, сондай-ақ осындай шетелдік немесе азаматтығы жоқ тұлға Қазақстан Республикасының көші-қон заңнамасының талаптарын сақтаған және сақтайтын адам болып табылатын жағдайда Бағдарламаға қайта қатысуға құқылы.
- (2) Бағдарламаға бұрын қатысқан шетелдік немесе азаматтығы жоқ тұлға ағымдағы кезеңде Бағдарламаға қатысу үшін Бағдарламаға осының алдындағы қатысу шеңберінде Инвестициялау құралына толық немесе ішінара инвестицияланған ақша қаражатын есепке алу туралы сұрау салумен Офиске жүгінуге құқылы.
- (3) Егер Офис айқындайтын нысан бойынша Бағдарламаға қатысуға өтініш берген күнгі есепте айқындалған инвестициялардың ағымдағы (әділ) құны және қажет болған жағдайда, шетелдік немесе азаматтығы жоқ тұлға Бағдарламаға алдыңғы қатысуы кезінде Инвестициялау құралына жүзеге асырған инвестициялардың бағалаушы Бағдарламаға қатысуға өтініш берілген күні бағалау қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындаған және ағымдағы кезеңде Бағдарламаға қатысу үшін Офис есепке алған нарықтық құны инвестициялардың ең аз көлемінен аз болады, шетелдік немесе азаматтығы жоқ тұлға инвестициялардың ең аз көлемінің талаптарына сәйкес келуі үшін қосымша ақша қаражатын инвестициялауға тиіс.



6-ТАРАУ: БАҒДАРЛАМАДАН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ШЫҒУ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ РЕЗИДЕНТ СЕРТИФИКАТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫН ТОҚТАТУ

26. Бағдарламадан мерзімінен бұрын шығу

- (1) Инвестициялық резидент Бағдарламаның Офисіне тоқтату туралы тиісті хабарлама беру арқылы Инвестициялық резидент сертификатының қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін Бағдарламаға қатысуын тоқтатуға құқылы.
- (2) Бағдарламаға қатысу мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Офис Инвестициялық резиденттің, сондай-ақ Инвестициялық резиденттің Отбасы мүшелерінің Инвесторлық визасын жою немесе Уақытша тұруға рұқсаттың қолданысын тоқтату туралы Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарына өтінішхат жібереді. Бұл ретте Инвестициялық резидент және Инвестициялық резиденттің Отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы көші-қон заңнамасында белгіленген мерзім ішінде Қазақстан Республикасынан кетуге міндетті.

27. Инвестициялық резидент сертификатының қолданысын тоқтату

- (1) Бағдарлама Офисі Инвестициялық резиденттің Бағдарламаның талаптары мен шарттарын сақтамау фактісін анықтаған кезде Инвестициялық резидент сертификатының қолданылуы тоқтатылуға жатады.
- (2) Инвестициялық резидент сертификатын қолданылуын тоқтату деп Офисінің Инвестициялық резидентке Жалпы шарттарда көзделген тәсілдермен Инвестициялық резидент сертификатының қолданылуын тоқтату туралы хабарлама жіберуі түсініледі. шарттың тоқтату
- (3) Бағдарламаның талаптары мен шарттарын сақтамау фактісі анықталған жағдайда, Бағдарлама Офисі Инвестициялық резидентті осы Актіде, Қағидаларда және/немесе Жалпы шарттарда айқындалған міндеттемелердің орындалмағаны және сәйкессіздікті Офисінің тиісті хабарламасында айқындалған мерзімде жою қажеттігі туралы хабардар етеді.
- (4) Инвестициялық резидент сәйкессіздік туралы хабарламада көрсетілген мерзім ішінде Бағдарламаның талаптары мен шарттарына сәйкессіздікті жою жөнінде шаралар қабылдамаған жағдайда, Офис Инвестициялық резидентті Инвестициялық резидент сертификатының қолданысын тоқтату және Инвестициялық резиденттің, сондай-ақ Инвестициялық резиденттің Отбасы мүшелерінің Инвесторлық визасын жою немесе Уақытша тұруға рұқсаттың қолданысын тоқтату туралы өтінішхатқа бастамашылық жасау туралы хабардар етеді.
- (5) Инвестициялық резидент сертификатының қолданылуы тоқтатылғаннан кейін Инвестициялық резиденттің Бағдарлама шеңберінде Салық кодексінде және Конституциялық заңда көзделген салық жеңілдіктерін пайдалануға құқығы болмайды.
- (6) Бағдарлама Офисі өз қалауы бойынша Инвестициялық резиденттік сертификатының қолданылуын дереу тоқтату және Инвесторлық визаның күшін жоюға бастамашылық жасау және/немесе егер Офис оны АХҚО немесе Қазақстан Республикасының мүддесі үшін қажет немесе орынды деп тапса, Инвестициялық



резидент пен оның отбасы мүшелерінің тұруға ықтиярхатының қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдай алады.

- (7) (6) кіші бөлімді шектемей, Қағидалар Инвестициялық резидент сертификатының қолданылуын дереу тоқтату және Инвесторлық визаның күшін жоюға бастамашылық жасау немесе Инвестициялық резидент пен Инвестициялық резиденттің отбасы мүшелерінің уақытша тұруына арналған рұқсаттың қолданылуын тоқтату үшін негіздерді айқындай алады.

7-ТАРАУ: ИНВЕТОРЛЫҚ ВИЗА ЖӘНЕ УАҚЫТША ТҰРУҒА РҰҚСАТ

28. Инвесторлық виза және Уақытша тұруға рұқсат

- (1) Инвестициялық резидентке Инвестициялық визаны немесе Инвестициялық резидентке – Қазақстан Республикасы визасыз болу туралы келісімді ратификациялаған елдің азаматына, сондай-ақ Инвестициялық резиденттің Отбасы мүшелеріне Уақытша тұруға рұқсат беру Қазақстан Республикасының қолданыстағы көші-қон заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Инвесторлық визаның немесе Инвестициялық резиденттің Отбасы мүшелеріне Уақытша тұруға рұқсаттың қолданыс мерзімі Инвесторлық визаның немесе Инвестициялық резиденттің Уақытша тұруға рұқсатының қолданыс мерзімінен аспауы керек.
- (2) Инвесторлық виза және Уақытша тұруға рұқсаттар Инвестициялық резидентке және Инвестициялық резиденттің Отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасына көп мәрте кіруге, оның аумағы бойынша жүруге, Қазақстан Республикасының қолданыстағы көші-қон заңнамасында белгіленген уақытқа, мақсаттарға және талаптарға сәйкес Қазақстан Республикасында болуға және Қазақстан Республикасынан шығуға құқық береді.
- (3) Инвестициялық резиденттің сұрауы бойынша Бағдарламаның Офисі немесе АХҚО әкімшілігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы көші-қон заңнамасына сәйкес қажетті құжаттарды Инвестициялық резидентке немесе Инвестициялық резиденттің Отбасы мүшелеріне Инвесторлық визаны беру үшін өңдеуге Сыртқы істер министрлігіне немесе Ішкі істер органдарына жібере алады.
- (4) Инвестициялық резиденттің сұрауы бойынша Бағдарламаның Офисі немесе АХҚО әкімшілігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы көші-қон заңнамасына сәйкес қажетті құжаттарды Инвестициялық резидентке немесе Инвестициялық резиденттің Отбасы мүшелеріне Уақытша тұруға рұқсатты ұсыну үшін өңдеуге Сыртқы істер министрлігіне немесе Ішкі істер органдарына жібере алады.
- (5) Инвестициялық резиденттің Инвестициялық визаны алуы үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына АХҚО әкімшілігінің Қазақстан Республикасының бейрезиденті және Инвестициялық резидент болып табылатын тұлғаға Инвесторлық виза беру туралы өтінішхаты жіберіледі. Өтінішхат 2-қосымшаға 2.3-қосымшаға сәйкес ресімделуі тиіс.
- (6) Сыртқы істер министрлігі және Ішкі істер органдары Офис және/немесе АХҚО әкімшілігі ұсынған құжаттарды Қазақстан Республикасының қолданыстағы көші-қон заңнамасына сәйкес қарайды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы көші-қон заңнамасының талаптарына сай болған кезде, Инвестициялық резидентке және Инвестициялық резидентінің Отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Инвесторлық визаны немесе Уақытша тұруға рұқсатты ұсынады.



- (7) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының Инвестициялық резидентке және Инвестициялық резиденттің Отбасы мүшелеріне Инвесторлық визаны немесе Уақытша тұруға рұқсатты беруден бас тартқаны үшін Инвестициялық резидент алдында жауап бермейді.

3-БӨЛІМ: БАҒДАРЛАМА ШЕҢБЕРІНДЕГІ САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК

29. Салық кодексінің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының резиденттігін алу

- (1) Инвестициялық резидент Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасында көзделген барлық талаптарды сақтағанда, Салық кодексінің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының резиденттігін алады.
- (2) Салық кодексінің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының резиденттігін растайтын құжатты алу үшін Инвестициялық резидент Салық кодексінде көзделген басқа құжаттардан басқа, АХҚО әкімшілігі 2-қосымшаның 2-нысанында көзделген Бағдарламаға сәйкес инвестицияларды жүзеге асыруы туралы тиісті кезеңге берген растау хатын ұсынуға міндетті.

30. Салық кодексінің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының резиденттігін растайтын құжат

- (1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасында белгіленген талаптарды сақтаған кезде Инвестициялық резидент Салық кодексі мақсатында аумақтық мемлекеттік кіріс органына Қазақстан Республикасының резиденттігін растайтын құжатты алуға өтініш беруге құқылы.
- (2) Салық кодексінің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының резиденттігін растайтын құжат Салық кодексінің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының резиденттігін растайтын құжатты бергені үшін алым төленген күнтізбелік жылға беріледі.
- (3) Салық кодексінің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының резиденттігін растайтын құжат бергені үшін алым мөлшері Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасымен белгіленеді.
- (4) Аумақтық мемлекеттік кіріс органы Салық кодексі мақсатында Қазақстан Республикасының резиденттігін растайтын құжатты Инвестициялық резидентке беруден бас тартқан жағдайда, Инвестициялық резидент Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес Салық кодексінің мақсаттарында резидент болып табылатын шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам бола отырып, резиденттікті растау туралы салықтық өтініш бере алады.
- (5) Бағдарлама Офісі Салық кодексі мақсатында аумақтық мемлекеттік кірістер органының Инвестициялық резидентке Қазақстан Республикасының резиденттігін растайтын құжатты ұсырудан бас тартқаны үшін Инвестициялық резидент алдында жауапты болмайды.
- (6) Инвестициялық резидентке (а) (1)-(4) тармақшаларға сәйкес Салық кодексінің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының резиденттігін растайтын құжатты беруден, сондай-ақ (б) Қазақстан Республикасының қолданыстағы көші-қон заңнамасына сәйкес көші-қон мәртебесін танудан бас тартқан жағдайда, осы Актіге сәйкес жеке тұлғаның Инвестициялық резидент ретіндегі мәртебесі тоқтатылды деп есептеледі.



- (7) Мұндай мән-жайда Бағдарлама Офісі Инвестициялық резидентке оның Инвестициялық резидент сертификатының қолданылуын тоқтату туралы хабарламаны мүмкіндігінше тезірек жіберуге міндетті.

4-БӨЛІМ: БАҒДАРЛАМА ШЕҢБЕРІНДЕГІ САЛЫҚ САЛУ

31. Инвестициялық резидент үшін қолданылатын салық режимі

- (1) Салық кодексінің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын Инвестициялық резидент, Салық кодексінің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының резиденттігін растайтын құжат бергені үшін алым төленген жағдайда, Конституциялық заңда және Салық кодексінде көзделген салық жеңілдіктерін пайдалануға құқылы.
- (2) Салық кодексінің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын Инвестициялық резиденттің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған кірісіне Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес салық салуға жатады.

32. Инвестициялық резиденттің Отбасы мүшелері үшін қолданылатын салық режимі

Инвестициялық резиденттің Отбасы мүшелері кірісіне Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес салық салуға жатады.



5-БӨЛІМ: МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

33. Тараудың қолданылуы

Бұл тарау Бағдарламаға қатысуға өтініш берген жеке тұлғаға (*өтініш берушіге*), Инвестициялық резидентке және олардың Отбасы мүшелеріне қолданылады.

34. Офистің мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылы

- (1) Офис өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен осы Бағдарлама шеңберінде Өтініш берушілерге, Инвестициялық резиденттерге, сондай-ақ олардың Отбасы мүшелеріне қатысты мәселелер бойынша үйлестіруді жүзеге асырады. Офис Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан тиісті Өтініш беруші, Инвестициялық резидент және олардың Отбасы мүшелері туралы Бағдарлама шеңберінде талап етілетін мәліметтерді сұрай алады.
- (2) мәліметтерді алуға сұрау салу Өтініш берушінің, Инвестициялық резиденттің және олардың отбасы мүшелерінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және сақтауға келісімнің көшірмесі бар мемлекеттік органға ресми хат жолдау арқылы жасалуы тиіс.
- (3) Мемлекеттік орган Офистің ресми сұрауын алған күннен бастап 15 жұмыс күн ішінде Офиске мәліметтерді ұсынуы керек.

35. Офистің Сыртқы істер министрлігімен өзара іс-қимылы

Офис өз құзыреті шегінде Сыртқы істер министрлігімен Инвесторлық визаларды беру және ұзарту, сондай-ақ олардың күшін жою мәселелері бойынша үйлестіруді жүзеге асырады.

36. Офистің Ішкі істер органдарымен өзара іс-қимылы

- (1) Офис өз құзыреті шегінде Ішкі істер органдарымен осы Актіге сәйкес өтініш берушілердің азаматтығына, Инвесторлық визаларды және Уақытша тұруға рұқсаттарды ұсыну мен ұзартуға, сондай-ақ олардың күшін жоюға және қолданысын тоқтатуға байланысты мәселелер бойынша үйлестіруді жүзеге асырады.
- (2) Офис өтініш берушіге қатысты Қазақстан Республикасының азаматтығы немесе азаматтығының жоқтығы туралы мәліметтер алу үшін Ішкі істер органдарына жүгінеді. Мәліметтерді алу үшін сұрау салу 2-қосымшаға 2.4-қосымшада көзделген шаблонға сәйкес ресімделуге тиіс.
- (3) Ішкі істер органдары өтініш берушінің Қазақстан Республикасының азаматтығы немесе азаматтығы жоқтығы туралы мәліметтерді сұрау салынған күннен бастап 15 жұмыс күн ішінде ұсынады. Ішкі істер органдары өтініш берушінің сәйкестендіруші деректері бар мәліметтерді электрондық құжат айналымы арқылы ұсынады.

37. Офистің Мемлекеттік кірістер комитетімен өзара іс-қимылы

- (1) Офис өз құзыреті шегінде Мемлекеттік кірістер комитетімен Инвестициялық резиденттің Салық кодексінің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының резиденттігін растайтын құжатты бергені үшін алым төлеу және Инвестициялық резиденттің Салық кодексінің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының резиденттігін растайтын құжатты алуы мәселелері бойынша үйлестіруді жүзеге асырады.



- (2) Офис өтініш берушінің Салық кодексінің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының резиденттігінің болуы немесе болмауы туралы мәліметтер алу үшін Мемлекеттік кірістер комитетіне жүгінеді. Мәліметтерді алу үшін сұрау салу 2-қосымшаға 2.5-қосымшаға сәйкес ресімделуі тиіс.
- (3) Мемлекеттік кірістер комитеті өтініш берушінің Салық кодексінің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының резиденттігінің болуы немесе болмауы туралы мәліметтерді сұрау салынған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде ұсынады. Мемлекеттік кірістер комитеті өтініш берушінің сәйкестендіруші деректері бар мәліметтерді жазбаша түрде ұсынады.
- (4) Офистің сұрауы бойынша Мемлекеттік кірістер комитеті Инвестициялық резиденттің Салық кодексінің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының резиденттігін растайтын құжатты бергені үшін алым төлегені туралы мәліметтерді тиісті сұрау жіберілген күнінен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде ұсынады.

6-БӨЛІМ: ӨЗГЕ ЕРЕЖЕЛЕР

38. Уәкілетті өкіл

- (1) Өтініш беруші Бағдарламаның мақсаттары үшін (осы Актіні қоса алғанда) өтініш берушінің мүдделерін білдіру үшін Өкілге өкілеттік бере алады.
- (2) Өтініш беруші Өкілді тағайындау туралы Бағдарлама Офисін хабардар етуі керек.
- (3) Егер өтініш беруші Өкіл арқылы әрекет етсе, Офиске Өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және белгілі бір мәселелерге қатысты өтініш берушінің мүдделерін білдіруге Өкілдің өкілеттігін растайтын құжат ұсынылуы тиіс. Бұл жағдайда құжат мұндай болуы керек:
 - (а) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен куәландырылуы керек; немесе
 - (б) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес заңдастырылған немесе апостильденген, сондай-ақ құжаттың бастапқы тілі ағылшын, қазақ немесе орыс тілдері болмаса, құжатқа сәйкесінше ағылшын, қазақ немесе орыс тілдеріне аудармасы қоса берілуі керек және аударманың дұрыстығы немесе аудармашы қолтаңбасының растығы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес нотариуспен куәландырылуы керек.
- (4) Егер Өкілге берілген өкілеттіктер кері қайтарылып алынса немесе өзгертілсе, өтініш беруші бұл туралы Офиске хабарлауы керек (кейінгі хабарлама Офиске жіберілген кезде күшіне енеді).
- (5) Офиске жіберілген кейінгі хабарлама, мән-жайларға байланысты, Өкілге алдыңғы хабарламамен берілген өкілеттіктерді қайтарып алады (кейінгі хабарлама Офиске жіберілген кезде күшіне енеді).
- (6) Егер Өкілге берілген өкілеттіктер өзгертілсе, Офиске өтініш берушінің мүдделерін білдіру өкілеттігін растайтын жаңартылған құжат ұсынылуы керек. Мұндай құжатқа (3) тармақта көзделген талаптар қолданылады.



1-ҚОСЫМША: АНЫҚТАМАЛАР

1. Анықтамалар

Осы Актіде:

Қолданыстағы АХҚО Құқығы Конституциялық заңның 4-бабын білдіреді.

Агент Бағдарлама Офісі уәкілеттік берген және Бағдарлама агенттерінің тізіміне енгізілген, Бағдарлама Офісінен тәуелсіз өтініш берушілердің мүддесі үшін әрекет ете отырып, Бағдарлама Офісімен консультациялық қызметтер көрсетуге, қолдау көрсетуге және өзара іс-қимыл жасауға өтініш берушілермен дербес шарттар жасасуға құқығы бар заңды тұлғаны білдіреді.

АХҚО «Астана» халықаралық қаржы орталығын білдіреді.

АХҚО әкімшілігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі құрған коммерциялық емес ұйымды білдіреді. АХҚО әкімшілігі АХҚО органдарының, олардың ұйымдарының, сондай-ақ АХҚО қатысушылары мен олардың Қызметкерлерінің қызметіне жағдай жасауды қамтамасыз етеді және өз құзыреті шегінде олардың мүдделеріне өкілдік етеді.

АХҚО қатысушысы Конституциялық заңның 1-бабының 5) тармағында көзделген мәнге ие.

Өтініш беруші Бағдарламаға қатысуға Өтініш берген жеке тұлғаны білдіреді.

Өтініш жеке тұлғаның Бағдарламаға қатысуға өтінішін білдіреді, ол сонымен бірге Бағдарламаға қатысудың және қосылудың жалпы шарттарын қабылдау болып табылады.

Конституциялық заң «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 438-V Конституциялық заңын білдіреді.

Функцияны орындау Функцияны іске асыруды қамтиды.

Жеке тұлғаның (**тиісті тұлға**) **Отбасы мүшесі** дегеніміз:

- (а) тиісті тұлғамен ресми (тіркелген) некеде тұрған 18 жастан асқан тұлға (**жұбайы**), немесе
- (б) тиісті тұлғаның немесе тиісті тұлғаның жұбайының баласы (асырап алынған баланы қоса алғанда) болып табылатын 18 жасқа толмаған тұлға:

бірақ Инвестициялық резидент болып табылатын жеке тұлғаны қамтымайды.

Алымдар Жалпы шарттарға сәйкес Бағдарлама Офісі Өтініш берушіге немесе Инвестициялық резидентке ұсынатын кез келген қызметтер үшін алымдарды, комиссияларды және өзге де төлемдерді білдіреді.

Функция өкілеттікті, міндетті және қабілеттілікті қамтиды.

Жалпы шарттар: Бағдарламаға қатысудың жалпы шарттарын, оның ішінде Өтініш берушінің/Инвестициялық резиденттің құқықтары мен міндеттерін және Офистің құқықтары мен міндеттерін айқындайтын, Бағдарламаның осы Актінің 9-бөлімінде көзделген талаптарына сәйкес келетін жеке тұлғалар үшін жария офертаны білдіреді.

Басқарушы «Астана» халықаралық қаржы орталығының Басқарушысын білдіреді.

Ішкі істер органдары өмірді, денсаулықты, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтардан қорғауға, қоғамдық тәртіпті қорғауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған құқық қорғау органдарын білдіреді.



Инвестициялық резидент Бағдарламаға сәйкес, сондай-ақ Конституциялық заңның 5-1-бабының 1-тармағында көзделген шарттарға сәйкес инвестицияларды жүзеге асырған шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды білдіреді.

Жеке тұлғаға қатысты **Инвестициялық резиденттің сертификаты** Офис беретін, жеке тұлғаның Инвестициялық резидент болып табылатынын растайтын құжатты білдіреді.

Инвестициялау құралдары, Бағдарлама үшін: 15-бапты қараңыз.

Инвесторлық виза Қазақстан Республикасының қолданыстағы көші-қон заңнамасына сәйкес берілетін визаны (инвесторлық виза) білдіреді.

Инвестицияның минималды көлемі, Бағдарлама үшін: 13-бапты қараңыз.

Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігін және оның шетелдік мекемелерін, сондай-ақ кез-келген құқықтық мұрагерін білдіреді.

АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңесі «Астана» халықаралық қаржы орталығын басқару жөніндегі кеңесті білдіреді

Басқару жөніндегі кеңестің шешімі Басқару жөніндегі кеңестің 2016 жылғы 26 мамырдағы шешімімен бекітілген «Астана» халықаралық қаржы орталығы органдарының құрылымын (2021 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) білдіреді.

Қағидалар АХҚО әкімшілігінің Директорлар кеңесі 7-2(4)-бапқа сәйкес бекіткен қағидаларды білдіреді.

Бағдарлама АХҚО Инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасын білдіреді.

Бағдарлама Офисі (немесе **Офис**) АХҚО әкімшілігін немесе АХҚО қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген оның аффилиирленген заңды тұлғасын білдіреді.

Өкіл Өтініш берушінің/Инвестициялық резиденттің мүдделерін білдіруге, сондай-ақ Бағдарлама шеңберінде белгілі бір іс-әрекеттер жасауға өкілеттігі бар жеке тұлғаны немесе заңды тұлғаны білдіреді.

Қағидалар АХҚО әкімшілігінің Директорлар кеңесі қабылдаған қағидаларды білдіреді.

Мемлекеттік кірістер комитеті өз құзыреті шегінде салықтар мен бюджетке төлемдердің түсуін, Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеуді, Қазақстан Республикасы заңнамасымен осы органның қарауына берілген әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу жөніндегі өкілеттіктерді қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыратын мемлекеттік органды білдіреді.

Салық кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының Кодексін білдіреді.

Мемлекеттік кірістердің аумақтық органы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және Астана бойынша аумақтық бөлімшелерін білдіреді.

Уақытша тұруға рұқсат Ішкі істер органдары иммигранттарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы көші-қон заңнамасында белгіленген талаптарды сақтаған жағдайда беретін және оларға болу мақсатына байланысты Қазақстан Республикасының аумағында белгілі бір мерзімге тұру құқығын беретін құжатты білдіреді.



АХҚО ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ АХҚО АКТІСІ

**2-ҚОСЫМША: МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН
ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУҒА АРНАЛҒАН
ШАБЛОНДАР**

(жеке құжаттарда берілген)



2.1-қосымша (Инвестициялық резидент сертификатының шаблоны)

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ РЕЗИДЕНТ СЕРТИФИКАТЫ

[Офистің заңды атауын енгізу] [сәйкес]

[Толық аты-жөні]

[қажет болса, азаматтығы бар елді көрсетіңіз] азаматы

Паспорт/басқа құжат **[құжат нөмірі, берілген күні және органы]**

[сәйкестендіру нөмірі]

сәйкестендіру нөмірін иеленген

АХҚО-ның Инвестициялық резиденті екендігін

куәландырады.

Сертификат «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және АХҚО-ның қолданыстағы заңына сәйкес **[xx-xx]** кезеңіне берілді.

[Мөр]

Астана, Қазақстан Республикасы



2.2-қосымша (АХҚО Инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасымен сәйкес инвестициялардың жүзеге асырылғанын растау хатының шаблонуы)

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитетіне

**АХҚО Инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасымен сәйкес
инвестициялардың жүзеге асырылғаны туралы
РАСТАУ ХАТ**

АХҚО-ның Инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасы туралы АХҚО актісінің (бұдан әрі – «АХҚО актісі») 29-бабының (2) тармағына сәйкес «Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі» АҚ осы хат арқылы [Т.А.Ә.], [азаматтығы бар ел] азаматы [паспорттың/өзге құжаттың нөмірі], «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 438-V Конституциялық заңында және «АХҚО инвестициялық салық резиденттігі бағдарламасы туралы» АХҚО Актісінде көзделген АХҚО Инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасына сәйкес [•] АҚШ доллары (немесе өзге валютадағы баламасы) мөлшерінде инвестицияларды жүзеге асырғанын [инвестицияларды жүзеге асыру күні] растайды.

Осы растау хат [күні] мен [күні] аралығындағы кезеңге берілген.

АХҚО инвестициялық резидентінің ТАӘ: _____

Инвестициялық резидент сертификатының нөмірі: _____

Бағдарлама Офісінің уәкілетті тұлғасы	<i>Уәкілетті тұлғаның ТАӘ</i>
	<i>Қолы</i>



АХҚО ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ АХҚО АКТІСІ

2.3-қосымша (Қазақстан Республикасының бейрезиденті және АХҚО инвестициялық резиденті болып табылатын тұлғаға инвесторлық виза беру туралы АХҚО әкімшілігінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына өтініш хатының шаблонуы)

**[кімге] Инвестициялық резиденттің аты-жөні
Уақытша тұратын жерінің мекенжайы
(АХҚО Инвестициялық резиденті
ҚР аумағында болған жағдайда көрсетіледі)**

**Қазақстан Республикасының бейрезиденті және
АХҚО-ның инвестициялық резиденті болып табылатын
тұлғаға инвесторлық виза беру туралы өтініш хат**

Өтінішті қарау нәтижелері бойынша «Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі» АҚ АХҚО инвестициялық резидентіне _____ жыл мерзімге инвесторлық виза беру мүмкін деп санайды.

**АХҚО инвестициялық резидентінің Т.А.Ә.: _____
Инвестициялық резидент сертификатының нөмірі: _____**

Бағдарлама Офисінің уәкілетті тұлғасы	<i>Уәкілетті тұлғаның ТАӘ</i>
	<i>Қолы</i>



АХҚО ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ АХҚО АКТІСІ

2.4-қосымша (Өтініш берушінің Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстығы немесе азаматтығы жоқтығы жөнінде мәліметтерді ұсыну туралы Ішкі істер органдарына Офистің сұрау салу шаблону)

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстығы немесе азаматтығы жоқтығы жөнінде мәліметтерді ұсыну туралы

[Офистің заңды атауын енгізу] «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 438-V Конституциялық заңына (бұдан әрі – «**Конституциялық заң**») және АХҚО Инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасы (бұдан әрі – «**Бағдарлама**») туралы АХҚО-ның Актісіне (бұдан әрі – «**АХҚО актісі**») сәйкес АХҚО Инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасын әкімшілендіру бойынша қызметті жүзеге асырады.

Конституциялық заңның 5-1-бабының 1-тармағына сәйкес, Бағдарламаға сәйкес инвестицияны жүзеге асырған, сондай-ақ Бағдарламаға қатысу үшін өтініш жасау алдындағы соңғы 20 жыл ішінде Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған адам болып табылмайтын шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам АХҚО-ның инвестициялық резидентті болып саналады.

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы № 1017-XII Заңының (бұдан әрі – «Азаматтық туралы заң») 30-бабына сәйкес ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының азаматтығын алу және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуды тіркеуді жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдауды ресімдейді, сондай-ақ оның жоғалуын тіркейді.

АХҚО Актісінің 30-бабына сәйкес, ішкі істер органдары өтініш берушінің Қазақстан Республикасының азаматтығына қатысы немесе азаматтығы жоқтығы туралы мәліметті сұрау салынған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде өтініш берушінің жеке басын сәйкестендіретін деректерді көрсете отырып, электрондық құжат айналымы арқылы ұсынады.

Осылайша, жоғарыда баяндалғандардың негізінде, **[Т.А.Ө.]**, **[азаматтық елі, қолданылса] азаматы, [төлқұжат/өзге құжат нөмірі]** Бағдарламаға қатысу үшін өтініш жасау алдындағы соңғы 20 жыл ішінде Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған адам болып табылмайтын тұлға екенін растауды сұраймыз.

Қосымшалар:

- 1) паспорттың/өзге құжаттың көшірмесі, егер қолданылса **[Т.А.Ө.]**;
- 2) дербес деректерді жинауға, өңдеуге және сақтауға келісімнің көшірмесі.

Бағдарлама Офисінің уәкілетті тұлғасы	Уәкілетті тұлғаның ТАӨ
	Қолы



АХҚО ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ АХҚО АКТІСІ

2.5-қосымша (Салық кодексінің мақсатында Өтініш берушіде
Қазақстан Республикасының резиденттігі
бар-жоғы туралы мәліметтерді ұсыну туралы
Мемлекеттік кірістер комитетіне Офистің сұрау салуының шаблону)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитеті

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі мақсатында жеке тұлғада Қазақстан Республикасының резиденттігінің болуына не болмауына қатысты мәліметтерді ұсыну туралы

[Офистің заңды атауын енгізу] «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 438-V Конституциялық заңына (бұдан әрі – «**Конституциялық заң**») және АХҚО Инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасы (бұдан әрі – «**Бағдарлама**») туралы АХҚО-ның Актісіне (бұдан әрі – «**АХҚО актісі**») сәйкес АХҚО Инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасын әкімшілендіру бойынша қызметті жүзеге асырады.

Конституциялық заңның 5-1-бабының 1-тармағы бойынша, Бағдарламаға сәйкес инвестицияны жүзеге асырған, сондай-ақ Бағдарламаға қатысу үшін бірінші өтініш жасау алдындағы соңғы жиырма жыл ішінде «**Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы**» Қазақстан Республикасы Кодексінің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам АХҚО-ның инвестициялық резидентті болып табылады.

Осылайша, жоғарыда баяндалғандардың негізінде, **[Т.А.Ә.] [азаматтық елі, қолданылса] азаматы, [төлқұжат/өзге құжат нөмірі]** Бағдарламаға қатысу үшін бірінші өтініш жасау алдындағы соңғы жиырма жыл ішінде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын тұлға екенін растауды сұраймыз.

Қосымшалар:

- 1) паспорттың/өзге құжаттың көшірмесі, егер қолданылса **[Т.А.Ә.]**;
- 2) дербес деректерді жинауға, өңдеуге және сақтауға келісімнің көшірмесі.

Бағдарлама Офисінің уәкілетті тұлғасы	Уәкілетті тұлғаның ТАӘ
	Қолы